

2023-2024 оқу жылындағы Директор жанындағы отырыс

Хаттама № 1

Қатынасуға тиіс :-18 педагог

Қатынасқаны : 15 педагог

Қатынаспағаны : -3 педагог ; оның: 2 - тәрбиеші курста оқуда;
1-муз.жетекші- себепсіз.

Күн тәртібінде :

Педагогтардың аттестациялаудан өту кезіндегі жағымсыз әрекеттерге баруына жол бермеу.

Сөз алғандар : Директор ; Әдіскер; Психолог.

Тыңдалды :

1. Директор: Тулешова Г.Д.- Педагогтерді аттестаттаудан өткізу кезінде елімізде кездесіп жатқан қоғаммызға жағымсыз жағдайлардың тіркеліп жатқандағын сөзге тиек етіп,мысалдар келтіре отырып ,ұжым педагогтарын осындай әректтерден аулақ болуға түсінік берді.

2. Әдіскер : Карасаева З.Б. -

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген,кейінен 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығымен Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің өзгерістер мен толықтырулары енгізілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидаларына сүйене отырып жеке электронды партфолиоарын толық жинақтап , тестілеу кезіндегі тәртіпке де сүйеніп өз біліммен ұжымда «педагог-сарапшы» атағын биылғы оқу жылында алған тәрбиешіні , сонымен бірге аталған санатты алуға үміткер 1 тәрбиешінің тестілеу қорытындысынан өтіп ,енді жеке құжаттарын толықтыруда екендігін мысалыға ала отырып педагогтарға кеңес беріп,директор сөзін толықтырып кетті,сонымен қатар пара ұсынудан аулақ болуға , әрдайым өз білімін көрсетіп жеңіп шығуға шақырды.

3.Психолог : Койбагарова Т.В. – бүгінгі көтеріп отырған мәселенің қоғамда өз орнының бар екендігін ,сонымен бірге аттестациялаудан өтер кезде педагогқа психологиялық дайындықтың қажеттілігін айтып, дер кезінде өз тарапынан көмек көрсеттетін айтты.

Отырыс соңын қорытындылай келе ұжым педагогтары қалыс қалмай бір ауыздан аттестацияланудан өту кезінде пара бермеуге келісті.

Шешім : Ұжым педагогтары аттестацияланудан өту кезінде ешбір комиссияға пара ұсынбайды.

Хатшы : 

Сопакова А.А.